*Республикасы, 140000, Павлодар қ, Олжабай батыр 60, тел.: +77474673821, e-mail: meruert_u_s@ mail.ru.*

*Матаев Берик Айтбаевич* – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Олжабай батыра 60, тел.: +77473455595, e-mail: matayevba@ pspu.kz.*

*Мухаметкаиров Арсланбек Ерболатович – магистр педагогических наук, преподаватель высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Олжабай батыра 60, тел.: +77758284765, e-mail: mukhametkairov95@mail.ru.*

*Махметова Назигуль Калеловна – магистр социальных наук, старший преподаватель высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Олжабай батыра 60, тел.: +77789174559, e-mail: nazigul.makhmetova@mail.ru.*

*Утегенова Меруерт Сыздыковна – доктор философии (PhD), старший преподаватель высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Олжабай батыра 60, тел.: +77474673821, e-mail: meruert_u_s@mail.ru.*

ХҒТАР 14.01.11
ӘОЖ 37.01.01
https://doi.org/10.52269/NTDG2542182

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШІМДЕР

*Махмутова К.И.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.*

*Куанышбаева З.Б. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.*

*Ахметова Э.К. – PhD, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.*

*Сулейменова С.Н. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.*

*Мақалада қазіргі қоғамдағы ғаламдық өзгерістер, ақпараттандыру, техногендік өркениет, жасанды интеллект және цифрлық кеңістіктің жастар өміріне терең енуі нәтижесінде туындаған моральдік азғындау, гуманизм принциптерінен ауытқу, жастар арасында жыныстық өзгерістер, гомосексуализм және тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты құбылыстардың кеңінен таралуы сияқты өзекті мәселелер қарастырылады. Бұл мәселелер ата-бабаларымыздың бала тәрбиелеудегі мұрасын пайдаланбау, пайдаланса да үзік-жұлық эпизодтық іс-шаралармен шектелуі, халық педагогикасының заманауи тәрбие технологияларына орнын бостақандығы, батыстық мәдениетке ден қою, педагогтардың ұлттық тәрбие мәселелерінде құзыреттіліктерінің жеткілікті еместігі сияқты факторлармен де байланысты орын алып отырғандығы айтылады. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері – ата-бабаларымыздың бала тәрбиелеудегі тәжірибесін, олардың тәрбиелік потенциалын зерттеу оны тәрбиелік іс-шараларда пайдалану жолдарын ұсыну, қазіргі қоғамдағы жастардың моральдық жағдайын зерттеу, педагогикада халықтық тәрбие элементтерін қолдану тәсілдерін анықтау, сыныптан тыс шараларды ұлттық дәстүрлермен байланыстырып ұйымдастыру. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына арналған сыныптан тыс сағаттарды ұлттық ерекшеліктерге негізделіп ұйымдастырудың жолдары көрсетілген. Сондай-ақ, нәтижеге бағдарланған сыныптан тыс сағаттардың жоспарлануы мен жүргізілуінің нақты үлгісі ұсынылған. Сонымен қатар, балалардың қызығушылықтарын оятатын интерактивті тәсілдер, ойын элементтері мен слайд-шоулар, бейнемазмұндар, суреттер, геймификация, мақал-мәтелдермен, нақыл сөздермен жұмыс т.б әдістерден ұтымды пайдалану жолдары көрсетілген.*

***Түйінді сөздер:*** *тәрбие, тәрбиеленушілер, ұлттық тәрбие, рухани-адамгершілік, сынып сағаты.*

## ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ

*Махмутова К.И.* – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.*

*Куанышбаева З.Б. – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры методики обучения начальных классов, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.*

*Ахметова Э.К. – PhD, старший преподаватель кафедры педагогика, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.*

*Сулейменова С.Н. – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.*

*В статье рассматриваются актуальные проблемы, такие как глобальные изменения в современном обществе, информатизация, техногенная цивилизация, искусственный интеллект и глубокое проникновение цифрового пространства в жизнь молодежи, что приводит к моральному разложению, отклонению от принципов гуманизма, распространению таких явлений, как половые изменения, гомосексуализм и бытовое насилие среди молодежи. Эти проблемы связаны с недостаточным использованием или ограниченным применением наследия наших предков в воспитании детей, разрывом народной педагогики с современными воспитательными технологиями, ориентированием на западную культуру, а также с недостаточной компетентностью педагогов в вопросах национального воспитания. Цель и задачи исследования – изучение воспитательного опыта предков, исследование их воспитательного потенциала, предложение способов использования этого опыта в воспитательных мероприятиях, анализ морального состояния молодежи в современном обществе, определение методов применения элементов народного воспитания в педагогике, организация внеклассных мероприятий, связанных с национальными традициями. В статье приведены пути организации внеклассных часов для учащихся начальных классов, основываясь на национальных особенностях. Также представлен конкретный пример планирования и проведения результативных внеклассных часов. Рассмотрены способы эффективного использования интерактивных методов, игровых элементов, слайд-шоу, видеоматериалов, изображений, геймификации, работы с пословицами и афоризмами, а также других методов, которые могут пробудить интерес у детей.*

***Ключевые слова:*** *воспитание, воспитанники, национальное воспитание, духовно-нравственный, классный час.*

## PROBLEMS AND SOLUTIONS OF YOUTH EDUCATION IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION

*Makhmutova K.I.* – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Department of pedagogy, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.*

*Kuanyshbayeva Z.B. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of primary school teaching methods, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.*

*Akhmetova E.K – PhD, Candidate of Pedagogical Sciences, Senior lecturer at the Department of pedagogy, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.*

*Suleimenova S.N. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Department of pedagogy, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan*

*The article discusses relevant issues such as global changes in modern society, informatization, technogenic civilization, artificial intelligence, and the deep penetration of the digital space into the lives of young people, leading to moral decay, deviation from humanitarian principles, and the widespread occurrence of phenomena such as sexual changes, homosexuality, and domestic violence among the youth. These issues are also linked to the insufficient use or limited application of the heritage of our ancestors in child upbringing, the disconnection of folk pedagogy from modern educational technologies, the orientation towards Western culture, and the lack of competence among educators in national education matters. The aim and objectives of the study are to examine the upbringing experience of our ancestors, investigate their educational potential, propose ways to incorporate this experience into educational activities, analyze the moral condition of youth in modern society, define methods of applying elements of folk pedagogy in education, and organize extracurricular activities related to national traditions. The article outlines ways of organizing extracurricular hours for elementary school students based on national characteristics. It also presents a specific example of planning and conducting effective extracurricular hours. The article discusses*

*methods for efficiently using interactive approaches, game elements, slide shows, video content, images, gamification, proverbs, sayings, and other methods that can awaken children's involvement.*

***Key words:*** *upbringing, students, national upbringing, spiritual and moral, homeroom period.*

**Кіріспе.** Қазіргі қоғамдағы ғаламдық өзгерістер оның ақпараттандырылуы, техногендік өркениет, жасанды интеллект, компьютерлік виртуалды әлем, цифрлық кеңістік сынды жасанды әлемнің кеңейіп баруы, олардың балалар мен жасөсіпірмдер өміріне терең енуі оқушы-жастар санасына, тәрбиесіне кері әсер етіп, адамгершілік, рухани мәдениеттің жетіспеушілігі, гуманизм принциптерінен тану, моральдік азғындау сияқты індеттерді туындатып отырғандығына куә болып отырмыз. Сондықтан да болар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіре түсу мақсатында ұлттық адами құндылықтарды дәріптеуді мақсат ететін «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жасаған болатын [1].

Бағдарламаның мақсаты жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу болып табылады.

Ғылым мен техниканың, биотехнологияның, гендік инженерияның бұрын-соңды болмаған жетістіктері өте қауіпті азғыруларды, адам табиғатын өзгерту сияқты тенденцияларды тудыруда. Адам ақылға қонымсыз жобалар бойынша «жыныссыз денені», «денесіз жынысты» жасау сияқты эксперимент нысаны ретінде қарастырылуда.

Жастарымыздың арасында жынысын өзгерту, (ЛГБТ) гомосексуализм, боянып жасанатын жігіттердің пайда болуы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллинг т.с.с індеттердің кең жайылуы жоғарыдағы ғаламдық өзгерістерден туындап отырғаны педагог қауымдастығы арасында дау тудырмайды. Сонымен бірге, бұл – ата-бабаларымыздың бала тәрбиелеудегі мұрасын пайдаланбау, пайдаланса да үзік-жұлық эпизодтық іс-шаралармен шектелуі, халық педагогикасының заманауи тәрбие технологияларына орнын босатқандығы, батыстық мәдениетке ден қою, педагогтардың ұлттық тәрбие мәселелерінде құзыреттіліктерінің жеткілікті еместігі сияқты факорлармен де байланысты орын алып отыр. Сондай ақ, батыстың озық білім беру жүйелері мен технологиялары отандық білім беру жүйесіне кеңінен енгізіліп, білім беру мен тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің орны мен рөліне жеткілікті көңіл бөлінбеуде.

Осы ретте Қасым Жомарт Кемелұлының «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды белгілеп беруінің терең мәні бар [2]. Өйткені, қалыптасқан қазіргі жағдайда тәрбиенің әсері, рөлі жайлы оның қоғам, заман, әлеуметтік өмір талаптарына сай келуі жөніндегі мәселе өзекті мәселелердің біріне айналды.Әсіресе, жаһандану мен технологияның дамуы, әлеуметтік желілердің белсенді қолданылуы, мәдениетаралық қатынастардың артуы тәрбие үрдісіне жаңа талаптар қояды. Бұл жағдайларда, тәрбиенің қоғамдағы және жеке тұлғаның дамуындағы орны мен маңызы жаңаша қарастырылуы тиіс.

Зерттеу жұмысы қазіргі қоғамдағы ғаламдық өзгерістер мен цифрландырудың балалар мен жастар тәрбиесіне кері ықпалын терең зерттеуге бағытталған. Бұл өзгерістер рухани азғындық, отбасылық зорлық-зомбылық, кибербуллинг және басқа да әлеуметтік мәселелердің туындауына себеп болып отыр, ал олардың негізгі себебі ұлттық тәрбиенің жеткіліксіздігімен және қазіргі тәрбие жүйесінде ұлттық құндылықтардың жеткілікті дәрежеде ескерілмеуімен байланысты. Сонымен қатар, батыстың озық білім беру жүйелері мен технологияларының отандық білім беру жүйесіне кеңінен енгізілуі ұлттық тәрбиенің орны мен рөліне жеткілікті назар аударылмауына себеп болуда. Осыған орай, зерттеу жұмысы ұлттық салт-дәстүрлер мен қазақ халқының бала тәрбиелеудегі бай тәжірибесін қазіргі заманауи білім беру жүйесіне тиімді ықпалдастыру жолдарын қарастырады. Зерттеу барысында ұлттық тәрбиенің мәнін ашудың бірден-бір тиімді жолы ретінде мектептердегі сынып сағаттары мен тәрбие жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру қарастырылған. Бұл жұмыстың басты нысаны ретінде бастауыш сынып оқушыларымен «Халық ауыз әдебиеті» және «Төрт түлік малға қатысты салт-дәстүрлер» тақырыптары бойынша сынып сағаттарының технологиялық тұрғыдан ұйымдастырылуы көрсетіледі. Әрбір сынып сағаты нақты мақсаттарға жетуді көздейтін тапсырмалар мен бағалау жүйесі арқылы, сондай-ақ шығармашылық жұмыстар, сұрақ-жауап әдісі, миға шабуыл ойындары және басқа да тиімді әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оқушылардың рухани дүниетанымын кеңейтіп, өз мәдениеті мен дәстүрлеріне деген терең құрмет пен жауапкершілігін, адамгершілік және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға үлкен ықпал етеді.

Қазіргі қоғамда жастарға берілетін тәрбие тек өткеннің құндылықтарын ғана емес, сонымен қатар болашаққа бағытталған жаңа көзқарастарды да қамтуы қажет. Технологиялық революция мен жаһандық коммуникациялардың кеңеюі бүкіл әлемді біртұтас біріктіргенімен, ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлердің сақталуы да маңызды. Бұл тұрғыда қазіргі тәрбиенің міндеті – әлеуметтік, мәдени және рухани жағынан жастардың әр қырын дамытуды қамту, бірақ сонымен бірге ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды да ұмытпай, олардың маңыздылығын көрсету. Қоғамдағы өзгерістер мен талаптарға жауап ретінде тәрбие берудің мазмұны да жаңаруы керек. Мәселен, балаларға тек ақпаратты беру ғана емес, олардың өзіндік пікір қалыптастыруына, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, шығармашы-

лық тұрғыда ойлауына көбірек назар аудару қажет. Сонымен қатар, жеке тұлғаның рухани дамуы мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру да маңызды болып табылады. Себебі, әлемдегі түрлі мәселелер, оның ішінде экологиялық проблемалар, әлеуметтік теңсіздік, ғаламдық қауіп-қатерлер жастардың ой-санасына үлкен ықпал етеді. Тәрбие осы мәселелерге қатысты саналы, жауапты және белсенді азаматтарды қалыптастыруға тиіс. Жастарды қоғамға пайда келтіретін, адамзаттың ортақ игілігі үшін қызмет ететін тұлғалар ретінде тәрбиелеу қазіргі қоғамның негізгі талаптарының бірі болып табылады.

Жаңа қоғамның талаптарына сәйкес, тәрбие тек мектепте ғана емес, барлық білім беру мекемелерінде, әлеуметтік институттарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, қоғамдық ұйымдарда үздіксіз жүргізілуі керек. Мұнда тәрбиенің мазмұны мен әдіс-тәсілдері ұлттық құндылықтарға негізделген, бірақ әлемдік үдерістерді ескеретін сипатта құрылуы тиіс. Тәрбие жүйесінің осындай жаңа талаптарға сай құрылуы және оның қоғамдағы нақты жағдайлармен үндесуі, сөзсіз, жас ұрпақтың жақсы тәрбие алып, әлеуметтік өмірге дұрыс бейімделуіне ықпал етеді.

"Тәрбие ұлттық болуы қажет" деген ұлт жанашырларының пікірлеріне негізделсек, біртұтас тәрбие бағдарламасындағы ұлттық құндылықтарды жүзеге асырудың бір жолы – жалпы білім беретін мектептердегі тәрбиелік іс-шараларды дәстүртану бағытында жүргізу болып табылады. Бұл өз кезегінде тәрбиедегі жаһандық пен ұлттықтың айырмашылығын, ол екеуін бір-бірімен салыстыра отырып, өркениеттер қақтығысында өздігімізді сақтап қалу үшін ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді дамытуымыздағы негізгі құралдардың бірі екендігін айқын түсінуге мүмкіндік береді. Осы орайда тағы да ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі», – деген сөзін келтіру орынды [3].

Жастарды ұлттық негізде тәрбиелеу, тәрбиеде ұлттық құндылықтарды пайдалану бойынша жақын және алыс шетелдің ғылымдары да өз зерттеу еңбектерін арнаған. Әсіресе, Өзбекстандық ғалымдардан М. Құранов, Н. Ортиқов, О. Мусурманова, С.Нишанова зерттеулерінде бұл мәселе айқын көрінеді [4,5,6,7].

Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселелерін қарастыру шетелдік ғалымдардың да бұл мәселе аясында біршама зерттеулері бар екендігін көрсетті. Балалардың мінез құлқын қалыптастыруда этнопедагогиканы соның ішінде халық даналығын пайдалану мәселесі Syahria Anggita Sakti, Suwardi Endraswara, Arif Rohman еңбектерінде қарастырылған. Этнопедагогика білім беру процесінде мәдени құндылықтарды сақтау арқылы әлеуметтік өзгерістерге ықпал ете алады, соның нәтижесінде көпмәдениетті ұлттық сәйкестікті нығайтады [8,1]. Мінез-құлық тәрбиесінде этнопедагогикалық тәсіл арқылы жергілікті даналықты жаңғырту көпұлтты сананы дамыту мен ерте жастан бастап негізгі құндылықтарды қабылдаудың маңыздылығын N. Hanifah [9]. Мінез-құлық тәрбиесі адалдық, төзімділік және ынтымақтастық сияқты жалпы қабылданған құндылықтарды жергілікті халықтың ерекше құндылықтарымен үйлестіру мәселесі A. Ferdian Noor [10]. Этнопедагогикалық тәсіл арқылы педагогтар жергілікті құндылықтар мен мәдени элементтерді оқыту процесіне оңай енгізіп, балаларға мәдени әртүрлілікті түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл балалардың мәдени сәйкестігін дамытуға ықпал етіп, олардың жергілікті мұра мен құндылықтарымен мақтаныш сезімін нығайтады. L.Pradita, S. Sumarlam, K.Saddhono, M.Rohmadi [11]. ұлттық дәстүрлерді негізге ала отырып, оқушыларға өз ұлтының мәдени құндылықтарын үйрету арқылы олардың көпмәдениетті қоғамда өзара құрмет пен түсіністікке негізделген қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады Г.Ф. Биктагирова [12]. Бұл тәрбие тәсілі оқушылардың ұлттық бірегейлігін нығайтып, басқа мәдениеттерге деген құрметті қалыптастыруға ықпал етеді. Мектепке дейінгі балалардың рухани және моральдық құндылықтарын қалыптастыруда, әсіресе ұлттық құндылықтарды үйретуде білім беру ортасының маңызы жоғары А. Николаева, Л. Попова [13]. Дәстүрлер халықтың әлеуметтік қажетті қасиеттерін, әдеттерін және әлеуметтік әрекет пен мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді О. Несіпбаева [14].

**Зерттеудің мақсаты** – ұлттық құндылықтарды енгізу арқылы тәрбиенің тиімділігін арттыру, сондай-ақ білім беру жүйесінде ұлттық тәрбиенің рөлін қайта қалыптастыру. Сонымен қатар, зерттеу ұлттық тәрбиенің заманауи білім беру жүйесіне ықпалдастырылуын және оның балалардың рухани дамуына әсерін терең талдауды көздейді.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Қоғамдағы ғаламдық өзгерістердің балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне әсерін талдап, ұлттық құндылықтарды енгізудің қажеттілігін негіздеу.

2. Ұлттық салт-дәстүрлер мен халық педагогикасының тәрбиелік мүмкіндіктерін айқындап, оларды білім беру процесіне ықпалдастыру жолдарын ұсыну.

3. Бастауыш сынып оқушыларына арналған ұлттық құндылықтарға бағытталған тәрбие жұмысының (сынып сағаттарының) үлгілік технологиялық картасын әзірлеу.

4. Ұсынылған әдістеменің тиімділігін тәжірибелік тұрғыдан тексеріп, оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына әсерін анықтау.

**Материалдар мен әдістер.** Оқушы – жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мақсатында біз бастауыш сыныптың төртінші сыныбында дәстүрлі сынып сағаттарына балама ретінде

жаңаша ұйымдастырылған бірнеше сынып сағаттарын өткіздік. Ол өткізілген сабақтардың өзгешелігі – сынып сағаттарының дайын әзірлемелер түрінде ендірілуі және сабақтан күтілетін нәтиженің кепілділігі болып табылады. Жалпы сабақтардың дайын әзірлемелер түрінде жүргізілуі және сабақтан күтілетін нәтижелердің кепілділігі мәселесі педагогика ғылымында В.П. Беспалько, В.Монахов, Г.К. Селевко, И. Логвинова, Г. Копотева, М.Е. Жангужинова, К.К. Абилкаламова, А.М. Сабитова [15,16,17,18, 19]. т.б. ғалымдар тарапынан қарастырылған. Осы ғалымдардың еңбектерінде оқу – тәрбие процесін тиімді жобалау, дайын әзірлемелерді қолдану және оқу үдерісінің сапасын арттыру мәселелері кеңінен қарастырылған. Олар оқыту мен тәрбиені жүйелі түрде ұйымдастырудың, оның мақсаттарына жету үшін алдын-ала жоспарлаудың маңыздылығын атап өткен.

Біз де осы еңбектердегі қағидаларды басшылыққа ала отырып, бастауыш оқытудың 4-сыныптарында «Халық ауыз әдебиеті», «Төрт түлік малға байланысты салт – дәстүрлер» тақырыбындағы сынып сағаттарын технологиялық тұрғыдан ұйымдастырып өткіздік. Сынып сағаты мектептердің 4 сыныптарында өткізілді. Сынып сағаттарына бақылау сыныбынан 26 оқушы, эксперимент сыныбынан 25 оқушы қатысты. Сынып сағаттараның талдауы 2-3 кестелерде сипатталған.

Төменде 1-кестеде технологиялық тұрғыдан жобаланған сабақтың технологиялық картасы берілген. Онда бүкіл сабақ барысында оқушылар мен мұғалімнің атқаратын іс – әрекеттері, кері байланыстарымен көрсетілген.

*1-кесте* – Технологиялық карта

| **Түрі** | Тәрбие сағаты |
|---|---|
| 1-тақырып | **Халық ауыз әдебиеті.** |
| **Жалпы мақсат:** | Халық ауыз әдебиеті жайлы түсінік қалыптастыру |
| **Айқын мақсаттар** | ➢ халық ауыз әдебиетінің не екендігін біледі;<br>➢ халық ауыз әдебиетінің ауызекі шығармашылық екендігін түсінеді: |
| **Тақырып бойынша тәрбиеленуші меңгеруі тиіс құзыреттіліктер** | ➢ халық ауыз әдебиеті үлгілерін біледі;<br>➢ мақал, жұмбақ, шешендік сөздерді біледі оларды бір-бірінен ажыратады. |
| **Сабақ мазмұны** | тақырып мазмұнын ашуға қызмет ететін суреттер, бейне материалдар, мәтіндер, тарқатпа материалдар |
| **Тәрбие үрдісінің технологиясы** | **түрі:**жаңа білім, іскерлік, дағдыларды қалыптастыру сабағы<br>**Сабақ формасы:** жұптық, топтық форма.<br>**Сабақты ұйымдастырудың негізгі әдістері:** әңгіме әдісі, сұрақ жауап, баяндау<br>**Құралдар:** интерактивті тақта, сызбалар, тарқатпа материалдар.<br>**Тәсілдер:** сұрақ-жауап, миға шабуыл, түсіндіру, иллюстрация.<br>**Бақылау әдістері:** сұрақ-жауап (жеке, фронталды), рефлексия, шығармашылық жұмыстар.<br>**Бағалау:** сұрақ жауап**,** баллдық жүйе |
| **Сабақ барысы:** | Ұйымдастыру кезеңі. 1-2 минут<br>Негізгі кезең:<br>Суреттер: әже, апалардың өлең жыр, ән айтып отырған суреттері беріледі.<br>➢ Суреттерде нелер бейнеленген, суретке қарап не айтуға болады?<br>➢ Суреттегі әжелер не айтып отыр деп ойлайсыңдар?<br>➢ ***Біліп ал!***<br>Халық ауыз әдебиеті-халықтың ауызекі шығармашылығы. Ол ауызша шығарылып, ауызша айтылғандықтан ауыз әдебиеті деп аталады. Оған өлең, жыр, мақал – мәтел, жұмбақтар, ертегілер, шешендік сөздер, айтыс өлеңдер т.б жатады.<br>➢ ***Ойлан!***<br>1. Ата әжелеріңнен естіген қандай өлең – жырларды, мақал – мәтелдерді айта аласыңдар? Олардың мағынасын түсіндір.<br>➢ ***Сұрақтар мен тапсырмалар!***<br>*1. Төменде берілген мақалдарды қалай түсінесің? өз түсінігіңді баянда*<br>Наданмен дос болғанша,<br>Кітаппен дос бол.<br><br>Оқусыз білім жоқ,<br>Білімсіз күнің жоқ.<br>Білімдіге дүние жарық,<br>Білімсіздің күні қаріп. |

*1-кестенің жалғасы*

| | | |
|---|---|---|
| | ➢ ***Біліп ал!***<br>***Мақал- халық даналығын көрсететін нақыл сөз.***<br>*Сурет орны. (Кітап, қаламсап суреті беріледі)*<br>***2. Суреттерге қарап төменде берілген жұмбақтардың шешімін тап***<br>Қабат – қабат қатталған,<br>Асыл сөзбен апталған.<br>Парағы бар сөйлейтін,<br>Ол қазына сөйлейтін.<br>Тіл жоқ өзінде,<br>Сөзі бар ізінде.<br>➢ ***Біліп ал!***<br>***Жұмбақ – бір затты немесе құбылысты тұспалдап сипаттайтын ауыз әдебиетінің бір үлгісі.***<br>***Ойлан!***<br>*Төмендегі сөздерді пайдаланып, шешендік сөздердің аяқталмаған бөлігін мұғалімнің көмегімен толықтырыңдар.*<br>***Керекті сөздер***: ұқпайды, мақтайды, тоқтайды, таң атпайды<br>Бір сөз айтсаң жақсыға,<br>Аталы сөзге ................<br>Бір сөз айтсаң жаманға,<br>Өмірінде ....................<br>Надандықтың белгісі<br>Өзін-өзі ..................<br>Көкірегі соқырға,<br>Өмірде ....................<br>➢ ***Біліп ал!***<br>***Шешендік сөз – халықтың шебер, сөзді орынды тауып сөйлеу өнері***<br>➢ ***Қорытындыла.***<br>1. Осы сабақтан нені түсіндің?<br>2. Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не екен?<br>3. Мақалдап сөйлеу, шешен сөйлеу ұнайды ма, ұнаса не үшін ұнайды?<br>4. Өзің қандай мақалдарды, шешендік сөздерді білесің?<br>5. Ата – бабаларымыздың ауызекі шығармашылығында нелер бейнелеген?<br>6. Халық ауызекі шығармашылығы үлгілерін білу не үшін маңызды деп ойлайсың?<br>7. Бірнеше мақалдар мен шешендік сөздерді жатқа айт. | |
| **Күтілетін нәтижелер** | **тәрбиеші:**<br>- тәрбиеші тәрбиеленушілер-дің қызығушылығын оятады;<br>- сыныпта бірлескен ұжымдық<br>- танымдық іс-әрекетті ұйым-дастырады;<br>- материалды жүйелі, ұғы-нықты, тартымды жеткізеді;<br>- сыныпта жағымды психоло-гиялық климат қалыптасты рады;<br>- тәрбиеленушілердің таным-дық белсенділіктерін артты-рады;<br>- белгіленген крийтерилер бойынша тәрбиеленушілер іс әрекетін жан-жақты объектив бағалайды. | **тәрбиеленушілер:**<br>- сабақ барасында тәрбиеленушілер белсенді болады, өз бетінше пікірлейді, шығармашылық тұрғыдан ізденеді;<br>- берілген мәселелер бойынша өзіндік тал-дау жасап, тұжырымдар шығарады;<br>- мұғалім -оқушы, оқушы-оқушы шығарма-шалықты, белсенді қарым-қатынастары орын алады:<br>- өзгелердің пікіріне құлақ асу, оларды тыңдай алу, өз пікірін өзгелерге тыңдата алуға дағдыланады,<br>- ұжымда жұмыс жасау дағдыларын меңгереді;<br>- уақыттан үнемді пайдалану дағдыларын меңгереді;<br>**тақырыпты бағалау критерийлері:**<br>- халық ауыз әдебиеті үлгілеріне нелер кіретіндігін білуі;<br>- мақалдар мен мәтелдерді ажырата алуы, жатқа айту;<br>- шешендік сөздерді ажырату, жатқа айту,<br>- сабақ барысындағы тапсырмаларды то-лық орындау, сұрақтарға жауап бере алу. |

*1-кестенің жалғасы*

| | | |
|---|---|---|
| **Кері байланыс** | **Тәрбиеші:**<br>- өтілген тақырыпқа талдау жасап, оның тиімді болған тұстары мен кемшіліктерін айқындайды;<br>- жіберілген кемшіліктерді келесі сабақтарда болдырмау шараларын белгілейді; | **Тәрбиеленуші:**<br>- тәрбиеленушілер өз әрекеттеріне талдау жасау арқылы кемшілік тұстарын айқындайды, алдағы уақытта оларды болдырмау жолдарын қарастырады; |
| Тақырып | Төрт түлік малға байланысты салт – дәстүрлер. | |
| **Жалпы мақсат:** | Төрт түлік малға байланысты салт – дәстүрлер жайлы түсінік қалыптастыру | |
| **Айқын мақсаттар** | ➢ төрт түлік малға байланысты салт-дәстүрлердің бар екендігін біледі;<br>➢ төрт түлікке нелер кіретіндігін ажыратады | |
| **Тақырып бойынша тәрбиеленушілерме ңгеруі тиіс құзыреттіліктер** | ➢ ата-бабаларымыздың төрт түлік малды не үшін қастерлегендігін түсінеді;<br>➢ төрт түліктің адамзатқа тигізетін пайдасын айта алады;<br>➢ төрт түлік төлдерін қалай атауды үйренеді;<br>➢ төрт түлік малға қатысты айтылатын салт–дәстүрлермен танысады. | |
| **Сабақ мазмұны** | тақырып мазмұнын ашуға қызмет ететін суреттер, бейне материалдар, мәтіндер, тарқатпа материалдар | |
| **Тәрбие үрдісінің технологиясы** | **түрі:**жаңа білім, іскерлік, дағдыларды қалыптастыру сабағы<br>**Сабақ формасы:** жұптық, топтық форма.<br>**Сабақты ұйымдастырудың негізгі әдістері:** жұмбақ ойыны, сәйкестендіру, сұрақ жауап<br>**Құралдар:** интерактивті тақта, сызбалар, тарқатпа материалдар.<br>**Тәсілдер:** сұрақ-жауап, миға шабуыл, түсіндіру, иллюстрация.<br>**Бақылау әдістері:** сұрақ-жауап (жеке, фронталды), рефлексия, шығармашылық жұмыстар.<br>**Бағалау:** сұрақ жауап, баллдық жүйе | |

**Сабақ барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі. 1-2 минут

Негізгі кезең:

- ➢ суреттегі жануарлардың аттарын ата
- ➢ ол жануарлардың қандай пайдасы бар?
- ➢ үйлеріңде қандай жануарлар бар және оларды не үшін ұстайды деп ойлайсың?
- ➢ ата-әжелеріміз неге үй жануарларын жақсы көрген?
- ➢ *Біліп ал!*

***Төрт түлік – мал: түйе, жылқы, қой, сиыр. Қазақ халқы осы төртеуін төрт түлік деп атаған.***

- ➢ Есіңе сақта!

***Төрт түлік малдың өз қорғаушысы пірі бар, олар былай аталады.***

Жылқы атасы – Қамбар ата,
Сиыр атасы – Зеңгі баба,
Түйе атасы – Ойсыл қара,
Қой атасы – Шопан ата,
Ешкінің иесі – Сексек ата.

- ➢ 1. Төрт түлік малдан алынатын өнімдерді сәйкестендір

| | |
|---|---|
| Түйе | Сүт, қаймақ, май, ірімшік, айран |
| Ешкі | Қымыз |
| Сиыр | Сүт, түбіт |
| Жылқы | Сүт |
| Қой | Шұбат, қымыран, құрт |

- ➢ 2. Сәйкестендір

| | |
|---|---|
| Жылқы | Маңырайды |
| Сиыр | Боздайды |
| Түйе | Мөңірейді |
| Қой, ешкі | Кісінейді |

*1-кестенің жалғасы*

| | | |
|---|---|---|
| | ➢ Бұл қызық! Сен мұны білесіңбе?<br>Сиырды-аухау-аухау дейміз.<br>Түйені-көс-көс дейміз.<br>Жылқыны-қырау-қырау дейміз.<br>Қойды-пұшайт-пұшайт дейміз<br>Ешкіні-шөре-шөре дейміз.<br>➢ Сұрақтар мен тапсырмалар!<br>Жануарлардың төлдерін қалай атаймыз? бос орындарды толтыр.<br>Сиырдың баласын .................... дейміз.<br>Түйенің баласын.......................... дейміз.<br>Жылқының баласын.....................дейміз.<br>Қойдың баласын....................... дейміз.<br>Ешкінің баласын........................дейміз.<br>➢ Ойлан!<br>Малдардың төлін тауып алып, дұрыс орналастыр.<br>***Қорытындыла.***<br>1. Сабақтан нелерді үйрендің?<br>2. Төрт түлік малға нелер кіреді екен?<br>3. Ата – бабаларымыздың төрт түлік малды не үшін қастерлеген?<br>4. Төрт түлік малдың адамзатқа тигізетін пайдасы қандай?<br>Төрт түлік төлдерін қалай аталады екен? | |
| **Күтілетін нәтижелер** | **тәрбиеші:**<br>- тәрбиеші тәрбиеленуші-лердің қызығушылығын оятады;<br>- сыныпта бірлескен ұжымдық – танымдық іс-әрекетті ұйымдастырады;<br>- материалды жүйелі, ұғы-нықты, тартымды жеткізеді;<br>- сыныпта жағымды психо-логиялық климат қалыптасты-рады;<br>- тәрбиеленушілердің таным-дық белсенділіктерін артты-рады;<br>- белгіленген крийтерилер бойынша тәрбиеленушілер іс әрекетін жан-жақты объектив бағалайды. | **тәрбиеленушілер**:<br>- сабақ барасында тәрбиеленушілер белсенді болады, өз бетінше пікірлейді, шығармашылық тұрғыдан ізденеді;<br>- берілген мәселелер бойынша өзіндік талдау жасап, тұжырымдар шығарады;<br>- мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы шығар-машалықты, белсенді қарым-қатынастары орын алады:<br>- өзгелердің пікіріне құлақ асу, оларды тыңдай алу, өз пікірін өзгелерге тыңдата алуға дағдыланады,<br>- ұжымда жұмыс жасау дағдыларын меңгереді;<br>- уақыттан үнемді пайдалану дағдыларын меңгереді;<br>**тақырыпты бағалау критерийлері:**<br>- төрт түлік түрлерін атай алу;<br>- төрт түліктен алынатын өнімдерді айта алу;<br>- төрт түліктің адамзат үшін пайдасын, маңызын білу;<br>- сабақ барысындағы тапсырмаларды толық орындау, сұрақтарға толық жауап беру. |
| **Кері байланыс** | **Тәрбиеші:**<br>- өтілген тақырыпқа талдау жасап, оның тиімді болған тұстары мен кемшіліктерін айқындайды;<br>- жіберілген кемшіліктерді келесі сабақтарда болдырмау шараларын белгілейді. | **Тәрбиеленуші:**<br>- тәрбиеленушілер өз әрекеттеріне талдау жасау арқылы кемшілік тұстарын айқын-дайды, алдағы уақытта оларды болдырмау жолдарын қарастырады; |

**Нәтижелер мен талқылаулар.**

*2-кесте* – «Халық ауыз әдебиеті» тақырыбындағы сынып сағатының салыстырмалы талдауы

| Бағалау критерийлері | Бақылау тобы (26 оқушы) | Эксперимент тобы (25 оқушы) |
|---|---|---|
| 1. Халық ауыз әдебиеті үлгілеріне нелер кіретіндігін білу | 22 оқушы (85%) дұрыс жауап берді | 23 оқушы (92%) дұрыс жауап берді |
| 2. Мақалдар мен мәтелдерді ажырата алуы, жатқа айту | 18 оқушы (69%) жатқа айтты, 8 оқушы (31%) тек түсіндірді | 21 оқушы (84%) жатқа айтты, 4 оқушы (16%) тек түсіндірді |
| 3. Шешендік сөздерді ажырату, жатқа айту | 19 оқушы (73%) шешендік сөздерді дұрыс ажыратты, 7 оқушы (27%) түсіндіруде қиындық көрді | 20 оқушы (80%) шешендік сөздерді дұрыс ажыратты, 5 оқушы (20%) түсіндіруде қиындық көрді |
| 4. Сабақ барысындағы тапсырмаларды толық орындау, сұрақтарға жауап беру | 21 оқушы (81%) тапсырмаларды орындап, сұрақтарға толық жауап берді, 5 оқушы (19%) тапсырманы толық орындамады | 23 оқушы (92%) тапсырмаларды толық орындап, сұрақтарға толық жауап берді, 2 оқушы (8%) тапсырманы толық орындамады |

*3-кесте* – «Төрт түлік малға байланысты салт – дәстүрлер»тақырыбындағы сынып сағатының салыстырмалы талдауы

| Бағалау критерийлері | Бақылау тобы (26 оқушы) | Эксперимент тобы (25 оқушы) |
|---|---|---|
| 1. Төрт түлік түрлерін атай алу | 24 оқушы (92%) төрт түлік түрлерін атады, 2 оқушы (8%) бір түрді атамай қалды | 24 оқушы (96%) төрт түлік түрлерін толық атады |
| 2. Төрт түліктен алынатын өнімдерді айта алу | 19 оқушы (73%) өнімдерді дұрыс айтты, 7 оқушы (27%) кейбір өнімдерді атамады | 22 оқушы (88%) өнімдерді дұрыс айтты, 3 оқушы (12%) кейбір өнімдерді атамады |
| 3. Төрт түліктің адамзат үшін пайдасын, маңызын білу | 18 оқушы (69%) толық түсінік берді, 8 оқушы (31%) маңызын толық түсінген жоқ | 21 оқушы (84%) толық түсінік берді, 4 оқушы (16%) маңызын толық түсінген жоқ |
| 4. Сабақ барысындағы тапсырмаларды толық орындау, сұрақтарға толық жауап беру | 20 оқушы (77%) тапсырмаларды орындап, сұрақтарға толық жауап берді, 6 оқушы (23%) тапсырманы толық орындамады | 23 оқушы (92%) тапсырмаларды толық орындап, сұрақтарға толық жауап берді, 2 оқушы (8%) тапсырманы толық орындамады |

Жоғарыдағы кестелерден эксперимент тобының жетістігінің жоғары болғандығын көруге болады, бұл жаңа әдістер мен құралдарды қолдану арқылы жүзеге асыты деп айта аламыз. Оқушылардың ауыз әдебиеті мен төрт түлік туралы білімдерін меңгеру деңгейі бақылау тобына қарағанда жоғары болды. Бұл оқыту әдісінің жаңашылдығы мен қосымша материалдардың тиімділігі нәтижесінде байқалды. Эксперимент тобының оқушылары тапсырмаларды толық орындап, сұрақтарға толық жауап берді, бұл олардың ұйымшылдықпен жұмыс істеп, бір-біріне көмектескенін көрсетеді.

Бақылау тобының нәтижелері де жақсы, бірақ оларда кейбір оқушылардың тапсырманы толық орындамауы және сұрақтарға жауап беру деңгейінің кей жағдайда толық емес болуы байқалды. Бұл топта оқушылар арасында білім алу кезінде кейбір оқушылардың қажетті деңгейге жетпеуі немесе қосымша қолдау мен әдістердің жетіспеуі себеп болды деп топшылаймыз.

Әдістемелік тұрғыда эксперимент тобындағы жаңа тәсілдер мен оқытуды жандандыру үшін қолданылған интерактивті құралдар мен оқыту әдістері бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай тиімді болғанын көрсетеді. Жаттығуларды, тапсырмаларды түрлі әдістермен орындау, және жеке жұмысқа көп көңіл бөлу эксперимент тобындағы нәтижеге жақсы әсер етті.

Қосымша құралдар мен оқыту әдісінің тиімділігі эксперимент тобында білім сапасын арттыруға үлкен әсер етті. Тақырыптың мазмұнын толық түсіну, жатқа айту қабілеті және тапсырмаларды орындау көрсеткіштері бақылау тобынан жоғары болды.

Жалпы, екі топтың да оқу нәтижелері қанағаттанарлық, бірақ эксперимент тобындағы оқушылардың білім сапасы жоғары. Бұл жаңа әдістемелер мен оқыту құралдарын қолдану нәтижесінде оқушылардың білім деңгейінің жоғарылағанын көрсетеді. Бұндай нәтижеге сабақ барысын нәтижені кепілдейтіндей етіп, алдын ала технологиялық тұрғыдан жобалау нәтижесінде қол жеткізілді деп айта аламыз.

**Қорытынды.** Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай отырып, сынып сағаттарын және тәрбие жұмыстарын алдын ала жобалау арқылы көзделген нәтижеге қол жеткізуге болады. Мұнда мұғалім оқушылар тарапынан игерілетін теориялық және практикалық білімді, іскерлік, дағдыларды алдын ала белгілей алуы және оқыту мақсаттарының ойдағыдай нәтижеленуін болжай білуі тиіс. Бұл мұғалімге өз пәніне және сабағына біртұтас жүйелі қатынаста болуға, оқу-тәрбие процесінің мақсатынан күтілетін нәтижеге дейінгі процесті анық әрі дәл көре білуіне көмектеседі.

Технологиялық картаны оқушының мүмкіндігі мен қажеттілігін ескеріп жасау оның тұлға ретінде қалыптасуын тездетіп, оқыту тиімділігін арттырады. Осылайша, мұғалім алдын ала дайындалған технологиялық карта арқылы оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыра алады. Алайда, сабақтың технологиялық картасын жасау оңай жұмыс емес. Ол мұғалімнен педагогика, психология, жеке пәндерді оқыту әдістемесі, педагогикалық және ақпараттық технологиялардан хабардар болуды, сондай-ақ білім беру саласындағы жаңалықтарды игеруді талап етеді. Технологиялық картада сабақ барысы толық біртұтас түрде бейнеленіп, анық белгіленген мақсат, міндет, кепілденген нәтиже және сабақ барысын жүзеге асыру технологиясы толық көрініс табуы тиіс. Мұғалім сабақтың әр кезеңін алдын ала жоспарлап, оқу процесін ұтымды түрде ұйымдастыра отырып, нәтижеге тиімді түрде жетуге мүмкіндік алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1 **Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл 19 қыркүйектегі № 294 бұйрық [Электрондық ресурс] URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=kk (Жүгінген күні: 10.10.2025).

2 **Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі** [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 2024 жылғы 15 наурыз. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727 (Жүгінген күні: 13.06.2025).

3 **Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі** [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 2023 жыл 17 маусым. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959 (Жүгінген күні: 21.10.2025).

4 **Қуронов М. Узбекистон умумий урта таълим мактабларида миллий тарбиянинг миллий педагогик асослари** [Мәтін]: пед.ғыл.докт. … дис. автореф. / М.Қуранов. – Ташкент, 1998. – 58 б.

5 **Ортиқов Н. Миллий ва умуминсоний қадриятлар асосида уқувчи шахсини ахлоқий шакллантириш** [Мәтін]: пед.ғыл.докт. … дис. автореф. / Ортиқов Н. – Ташкент, 2000. – 56 б.

6 **Мусурмонова О**. **Оила маънавияти – миллий ғурур** [Мәтін]: оқу құралы / Н.Ортиков – Ташкент, 1999. – 200 б.

7 **Нишонова С**. **Комил инсон тарбияси: урта махсус касб-хунар таълим муассасалари учун** [Мәтін]: оқу құралы / С.Нишонова. – Ташкент: «Истиқлол», 2003. – 234 б.

8 **Sakti S.A., Endraswara S., Rohman A. Revitalizing local wisdom within character education through ethnopedagogy apporach: case study on a preschool in Yogyakarta** [Text] / S.A. Sakti, S. Endraswara, A. Rohman // Heliyon. – 30 May 2024. – Vol. 10. – Iss. 10, – e31370. DOI: https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e31370.

9 **Hanifah N. Multicultural Education Based on Local Wisdom as an Alternative Values Education in Early-Childhood Education** [Text] / N. Hanifah // Proceedings of the 3rd International Conference on Early Childhood Education (ICECE 2016), Advances in Social Science, Education and Humanities Research (ASSEHR). – 2016. – Vol. 587. – pp. 364-368. DOI: https://doi.org/10.2991/icece-16.2017.63.

10 **Ferdian A. Multicultural education based in the local wisdom of Indonesia for elementary schools in the 21st century** [Electronic resource] / A. Ferdian // Journal of International Social Studies. – 2019. – Vol. 9. – No. 2. – pp. 94-106. URL: https://www.iajiss.org/index.php/iajiss/article/view/408 (accessed 17 September 2025).

11 **Pradita L., SumarlamS., Saddhono K., Rohmadi M. Integration of the Value of Local Wisdom Messages in Indonesian Language Learning: Efforts to Develop the Positive Character of Millennial Generation** [Text] / L. Pradita, S. Sumarlam, K. Saddhono, M. Rohmadi // ICSET. – 2020. DOI: http://dx.doi.org/10.4108/eai.23-11-2019.2301575.

12 **Biktagirova G.F. Intercultural Upbringing in a Family in the Context of National Traditions** [Text] / G.F. Biktagirova // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 21 February 2017. – Vol. 237. – pp 426-431. DOI: https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2017.02.085.

13 **Nikolaeva A., Popova L. To the Problem of the Spiriptual and Moral Values Formation in Senior Pre-school Children** [Text] / A. Nikolaeva, L. Popova // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 146. – pp 271-274. DOI: https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.08.127.

14 **Nessipbaeva O. Spiritual-Moral Nurture of the Person through Folk Pedagogy** [Text] / O. Nessipbaeva // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2013. – Vol. 93. – pp. 1722-1729. DOI: https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2013.10.106.

15 **Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии** [Текст] / В.П. Беспалько. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.

16 **Монахов В. Проектирование и внедрение новых технологий обучения** [Текст] / В. Монахов. – М.: Педагогика, 1990. – 164 с.

17 **Селевко Г.К. Современные образовательные технологии** [Текст]: учеб.-метод.пособие / Г.К. Селевко. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.

18 **Логвинова И., Копотева Г. Технологическая карта урока – способ формирования универсальных учебных действий** [Электронный ресурс] / И. Логвинова, Г. Копотева // Муниципальное образование: инновации и эксперимент. – 2015. – №5. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologicheskaya-karta-uroka-sposob-formirovaniya-universalnyh-uchebnyh-deystviy (Дата обращения: 19.10. 2025).

19 **Жангужинова М.Н., Абилкаламова К.К., Сабитова А.М. Анализ модульно-компетентностного подхода в проектировании образовательного процесса вузов Казахстана и Латвии** [Текст] / М.Н. Жангужинова, К.К. Абилкаламова, А.М. Сабитова // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». – 2020. – № 2(66). – С. 69-73. DOI: https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.12.

**REFERENCES:**

1 **Zhogary oku oryndarynan baska bilim beru ujymdaryna arnalgan «Birtutas tarbie bagdarlamasyn» bekitu turaly: Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2023 zhyl 19 kyrkujektegi № 294 bujryk** [On approval of the "Unified educational program" for educational organizations other than universities: order No. 294 of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated September 19, 2023]. Available at: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=kk (accessed 10 October 2025). (In Kazakh)

2 **Memleket basshysy K.Tokaevtyn «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys» Ulttyk kuryltajynyn ushinshi otyrysynda sojlegen sozi. 2024 zhylgy 15 nauryz. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin resmi sajty** [Speech of the head of state K. Tokayev at the third meeting of the National kurultai "Honest man – Honest labor – Honest success". March 15, 2024. Official website of the president of the Republic of Kazakhstan]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727 (accessed 13 June 2025). (In Kazakh)

3 **Memleket basshysy K.Tokaevtyn Ulttyk kuryltajdyn «Adiletti Kazakstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrysynda sojlegen sozi. 2023 zhyl 17 mausym. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin resmi sajty** [Speech of the head of state K.Tokayev at the second meeting of the National kurultai "Fair Kazakhstan – Honest citizen". June 17, 2023. Official website of the president of the Republic of Kazakhstan]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959 (accessed 21 October 2025). (In Kazakh)

4 **Kuronov M. Uzbekiston umumij urta ta"lim maktablarida millij tarbiâning millij pedagogik asoslari** [National pedagogical foundations of national education in general urta educational schools of Uzbekistan]. Abstract of PhD thesis, Tashkent, 1998, 58 p. (In Uzbek)

5 **Ortikov N. Millij va umuminsonij k̦adriâtlar asosida uk̦uvči šahsini ahlok̦ij šakllantiriš** [Moral formation of a loving personality on the basis of national and universal values]. Abstract of PhD thesis. Tashkent, 2000, 58 p. (In Uzbek)

6 **Mwswrmonova O. Oïla manavïyatï – mïllïy ğwrwr** [Family spirituality – national pride]. Tashkent, 1999, 200 p. (In Uzbek)

7 **Nišonova S. Komil inson tarbiâsi: urta mahsus kasb-hunar ta"lim muassasalari učun** [Perfect human education: an environment for specialized professional educational institutions]. Tashkent, «Istik̦lol», 2003, 234 p. (In Uzbek)

8 **Sakti S.A., Endraswara S., Rohman A. Revitalizing local wisdom within character education through ethnopedagogy apporach: case study on a preschool in Yogyakarta.** *Heliyon*, 30 May 2024, vol. 10, iss. 10, art. e31370. https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e31370.

9 **Hanifah N. Multicultural Education Based on Local Wisdom as an Alternative Values Education in Early-Childhood Education.** *Proceedings of the 3rd International Conference on Early Childhood Education (ICECE 2016)*, Advances in Social Science, Education and Humanities Research (ASSEHR), 2016, vol. 587, pp. 364-368. https://doi.org/10.2991/icece-16.2017.63.

10 **Ferdian A. Multicultural education based in the local wisdom of Indonesia for elementary schools in the 21st century.** *Journal of International Social Studies*, 2019, vol. 9, no. 2, pp. 94-106. Available at: https://www.iajiss.org/index.php/iajiss/article/view/408 (accessed 17 September 2025).

11 **Pradita L., Sumarlam S., Saddhono K., Rohmadi M. Integration of the Value of Local Wisdom Messages in Indonesian Language Learning: Efforts to Develop the Positive Character of Millennial Generation.** ICSET, 2020. http://dx.doi.org/10.4108/eai.23-11-2019.2301575.

12 **Biktagirova G.F. Intercultural Upbringing in a Family in the Context of National Traditions.** *Procedia – Social and Behavioral Sciences*, 2017, vol. 237, pp. 426-431. https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2017.02.085.

13 **Nikolaeva A., Popova L. To the Problem of the Spiriptual and Moral Values Formation in Senior Pre-school Children.** *Procedia – Social and Behavioral Sciences*, 2014, vol. 146, pp. 271-274. https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.08.127.

14 **Nessipbaeva O. Spiritual-Moral Nurture of the Person through Folk Pedagogy.** *Procedia – Social and Behavioral Sciences,* 2013, vol. 93, pp. 1722-1729. https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2013.10.106.

15 **Bespalko V.P. Slagaemy'e pedagogicheskoj tehnologii** [Components of pedagogical technology]. Moscow, Pedagogika, 1989, 192 p. (In Russian)

16 **Monakhov V. Proektirovanie i vnedrenie novy'h tehnologij obucheniya** [Design and implementation of new learning technologies]. Moscow, Pedagogika, 1990, 164 p. (In Russian)

17 **Selevko G.K. Sovremenny'e obrazovatel'ny'e tehnologii** [Modern educational technologies]. Moscow, Narodnoe obrazovanie, 1998, 256 p. (In Russian)

18 **Logvinova I., Kopoteva G. Tehnologicheskaya karta uroka – sposob formirovaniya universal'ny'h uchebny'h dejstvij** [The technological map of the lesson is a way to form universal learning activities]. *Munitsipal'noe obrazovanie: innovacii i e'ksperiment*, 2015, no. 5. Available at: https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologicheskaya-karta-uroka-sposob-formirovaniya-universalnyh-uchebnyh-deystviy (accessed 19 October 2025). (In Russian)

19 **Zhanguzhinova M.N., Abilkalamova K.K., Sabitova A.M. Analiz modul'no-kompetentnostnogo podhoda v proektirovanii obrazovatel'nogo processa vuzov Kazahstana i Latvii** [Analysis of the modular competence approach in designing the educational process of universities in Kazakhstan and Latvia]. *Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya «Pedagogicheskie nauki»*, 2020, no. 2(66), pp. 69-73.https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.12. (In Russian)

**Авторлар туралы мәліметтер:**

*Махмутова Кулсара Исахановна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160000 Шымкент қ., А.Байтұрсынов көш. 13, тел.: +77011410262, e-mail: gulsara_isahan@mail.ru.*

*Қуанышбаева Зәуре Бекеновна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160000 Шымкент қ., А.Байтұрсынов көш. 13, тел.: +77011372787, e-mail: Kzb-69@mail.ru.*

*Ахметова Эльмира Калдыбековна – PhD, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160000 Шымкент қ., А.Байтұрсынов көш. 13, тел.: +77027529202, e-mail: Elmira_k_akhmetova@mail.ru.*

*Сулейменова Санен Наметовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160000 Шымкент қ., А.Байтұрсынов көш. 13, тел.: +77013379331, e-mail: sanens@mail.ru.*

*Махмутова Кулсара Исахановна* – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160000, г. Шымкент, ул. А. Байтурсынова 13, тел.: +77011410262, e-mail: gulsara_isahan@mail.ru.*

*Қуанышбаева Зәуре Бекеновна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры методики обучения начальных классов, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160000, г. Шымкент, ул. А. Байтурсынова 13, тел.: +77011372787, e-mail: Kzb-69@mail.ru.*

*Ахметова Эльмира Калдыбековна – PhD, старший преподаватель кафедры педагогики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160000, г. Шымкент, ул. А. Байтурсынова 13, тел.: +77027529202, e-mail: Elmira_k_akhmetova@mail.ru.*

*Сулейменова Санен Наметовна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160000, г. Шымкент, ул. А. Байтурсынова 13, тел.: +77013379331, e-mail: sanens@mail.ru.*

*Makhmutova Kulsara Issakhanovna* – Candidate of Pedagogical Sciences, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000, Shymkent, 13 A.Baitursynov Str., tel.: +77011410262, e-mail: gulsara_isahan@mail.ru.*

*Kuanyshbaeva Zaure Bekenovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000, Shymkent, 13 A. Baitursynov Str., tel.: +77011372787, e-mail: Kzb-69@mail.ru.*

*Akhmetova Elmira Kaldybekovna – PhD, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000, Shymkent, 13 A. Baitursynov Str., tel.: +77027529202, e-mail: Elmira_k_akhmetova@mail.ru.*

*Suleimenova Sanen Nametovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 16000, Shymkent, 13 A. Baitursynov Str., tel.: +77013379331, e-mail: sanens@mail.ru.*

ХҒТАР 14.07.07
ӘОЖ 378.14.015.62
https://doi.org/10.52269/NTDG2542194

## «АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ БОЙЫНДА КӘСІБИ РЕФЛЕКСИЯ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

*Молдагалиева М.С.* – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.*

*Жиенбаева Н.Б. – психология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.*

*Байдалиев К.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы.*

*Мақалада халықаралық тәжірибе негізінде «Арнайы педагогика» мамандығы студенттерінің кәсіби рефлексия дағдысын дамыту мәселесі кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – озық шетелдік тәжірибелерді талдай отырып, кәсіби рефлексияны болашақ арнайы педагогтарды тұлғалық және кәсіби жетілдірудің маңызды механизмі ретінде қарастыру және Қазақстанның білім беру жүйесіне бейімделген сараптамалық ұсыныстар беру. Осы мақсатты орындау үшін: DeBettencourt L.U., Nagro S.A., Georgiadi M., Papazafiri M., Heydari S., Beigzadeh A., Protassova E., Mikelsone I., Latsone L., Tigelaar D., Sins P., van Driel J. педагогикалық практикаларына салыстырмалы талдау жасалып, рефлексияны дамытуды қолдауға бағытталған тиімді әдістер, техникалар мен механизмдері айқындалды; сондай-ақ қазақстандық арнайы педагог мамандардың тәжірибе барысында кәсіби рефлексияның қолдану туралы әдістерімен маңыздылығы анықталды; зерттеу қазақстандық білім беру мекемелеріндегі (ЖОО, арнайы мектептер, инклюзиялық білім беру ұйымдарындағы) рефлексиялық мәдениеттің ағымдық жай-күйін айқындауға, сондай-ақ, қолданылатын әдістердің тиімділігімен қоса, шектеулерін де анықтауға мүмкіндік берген сапалық әдістерге негізделген. Соның нәтижесінде нақты құрылымды кері байланыс, менторлық және супервизорлық қолдау, рефлексиялық күнделік пен портфолио жүргізу және цифрлық платформаларды пайдалану рефлексияны дамытудың тиімді құралдары ретінде ұсынылды.*

*Мақалада, сондай-ақ, «Арнайы педагогика» мамандығы студенттеріне кәсіби рефлексияны меңгертудің өзектілігі мен практикалық маңыздылығы жете қарастырылады. Рефлексия болашақ маманның өз іс-қызметін талдап, кәсіби және тұлғалық дамуға ұмтылу қабілетін қажет етеді. Осы құзіретті меңгерген студент пән саласы бойынша кәсіби ғана емес, сонымен бірге, психологиялық, этикалық және коммуникациялық та тұрғыдан даярланған, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларымен тиімді әрекеттесуге қабілетті маманға айналады. Зерттеу нәтижелері кәсіби рефлексияның болашақ студенттердің өзін-өзі тануына, кәсіби дағдыларын қалыптасуына және этикалық жауапкершілікті сезінуіне оң ықпал ететіндігін дәлелдейді. Аталған әсіресе ерекше білім беру саласында жұмыс істейтін мамандар үшін өте маңызды.*

***Түйінді сөздер:*** *кәсіби рефлексия, арнайы педагогика, халықаралық тәжірибе, инклюзиялық білім беру, кәсіби даму, педагогикалық құзыреттік.*